

Саян ЕСЖАН

ІҢКӘР



баспасы
Алматы

2014

УДК 821. 512. 122
ББК 84 (5 Каз) - 44
Е-79

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Е-79 **ЕСЖАН С.**
ІНКӘР. Өлендер/
С.Есжан. – Алматы, «Хантәңірі», 2014. – 114 бет.

ISBN 978-601-03-0281-5

Қазақ өлеңіне соңғы жылдары қосылған жас буынның ішіндегі өзіндік қолтаңбасы айқындалған ақындардың бірі – Саян Есжан. Қаламгердің бұл жинағына жастық шақ әуендері, ой-толғамдары өрілген туындылары еніп отыр.

УДК 821. 512. 122
ББК 84(5 Каз) - 44

ISBN 978-601-03-0281-5

© «Хантәңірі», 2014

Жалған-ай,
өшкені жоқ бәрі де есте,
Тұнық көлі,
орманы, кәрі кеш те...

Қобыздың зарлы
үніндей қоңыр желдің,
Құйылар көкірекке сарыны еспе.

Ақ тұмағын
боранды жұлқып ақпан,
Осы атырап
ақ көкем жылқы баққан.
Осы атырап
ақ анам келін болып,
Қара қазан көтеріп,
шырпы жаққан...

Осынау шексіздікті –
«Өмір!» дедім,
Шексіздік –
ол мәңгілік жолым менің.
«Өзіңнен қалған соқпақ
мына менмін!» –
Деп едім, күрсінді үнсіз
қоңыр қорым.

...Қимай-ақ кеттім, бір бұлғап
қолымды үнсіз.

(Жол бойы шопыр мың жырлап
өмірді құнсыз.)

...Жылдар да өтті, үйрендім
қалаға нөпір.

Жырлар жазылды...

«Сый» көрдім –

(Қалағаны оқыр).

Уәдем бірақ, әлі күн

орындалмады.

– Барамын, ей-хей, жарығым

Өмір алда әлі!..

Жусанды қырлар, қыраттар,
бетегелерім,

ну орман, өзен, бұлақтар!

...Уақыт өте келемін! –

Деймін де,

іштей көңілсіз,

Ойға батамын...

«Барамын» – деймін,

сенімсіз...

Менің шағын қайран,

Отаным!

...Тұманға сіңген
жарлы ауыл,
Тұр әлі түнеп
қарашығымда.
...Бармайтындығым
жанға ауыр,
Қала, шынында.

ҚЫС. АУЫЛ КЕШІ.

Төгілген асау күйдей
домбырадан,
Ұйытқып тұр алай-дүлей
қарлы боран...
Аяулысын күткен
бір арудай боп,
Ауыл кеші жабырқау,
қалғымаған.

Ақ қар емес, жауғандай
жұлдыз көктен,
Ұшқалақ ақ ұлпалар
жүз құзды өпкен.
Сайтан да ізін сала алмас
жадау қырдан,
Телмірем қырға сіңген
күнді іздеп мен.

...Жүректе белгісіздеу
аңсар бардай,
Елегізер,
көңілім томсарғанда Ай.
Көз жұмып, құлақ түрсем
тылсым түнге,
Сыңсытып Қар қызы
әсем ән салғандай...

Келгенмен желік басып,
арман қуып,
Сол арман
бүгінде рас қалған-ды ұмыт.

Өзім де,
сөзім де һәм мың өзгердім,
Жанардың айнасынан
Жалған күліп.

Жылдар-ай, жүйткіп ұшқан
зымырандай,
Қадірін сол күндердің
ұғына алмай...
Осынау ғалам сыйған
жүрегімде,
Барады ауылымның
бүрі қалмай.

Жете алмай аңсарлы шақ –
таңға бұла,
Жеткізбей тарау-тарау
жол да мына.
Адасқан үйірінен
құлыншақтай,
Елеңдей берем
үнсіз жан-жағыма.

Кетіп ем бір кездері
қолым бұлғап,
Қош айтып қалған орман, қорым,
қыр да ақ.

...Ауылдан адам
қалай алыстаса,
Ауыл да солай сірә,
сағындырмақ.

Мезі боп сұр қаладан
сайтандалған,
Теңіз-ой толқынында
шайқалды арман...
Өзендей өміріңнің тамшысы едім,
Табылмай қойған бұл
күн қайта арнаңнан.

...Бұлт ішіне күмп етіп құлаған күн,
Бұлың тартып, бұлыңғыр
тұман алдым...
Бетегелі беліңе барам бір күн,
Содан соң мәңгілікке жұбанармын.

Шіркін-ай, кербез,
 көркем, керім далам,
Өмірден қымбат сірә,
 белің маған!
Қасиетіңнен айналдым,
 қайран Арқа,
Обал жоқ төгілсе
 егер жолыңда қан!..

ТҮС. АБЫЛАЙ. ДАТ.

Түсім...

Түн... сәулесі төгілген

лағыл айдың,

Кеудемде күмбірлеген

қоңыр айбын...

Буалдыр –

көзім алды қалың елес,

Бурабай...

ақ ордасы Абылайдың.

Сексен көл

толқынындай толқып өмір,

Әуезді жел

гуіне елтіп өңір.

Кісінеп қарагердей

көңілім дүр,

Ханға айтпақ

дат бұйырды еркіме бір.

Ұстаған сөзбен мығым
паң даланы,
Қатулы қара түндей
хан қабағы.
Көзінің сұсыменен
«сөйле» деді,
Тыңдалық,
қалай екен ар бағамы...

Есінеп есі кеткен
есіл жалған,
Бүрлейді үмітімнің
төсінде арман.
Жүрекпен датымды айтып
сөйлеп тұрмын,
Күмілжіп, күткендейін
«кесірді» алдан.

– Хан ие, азат міне, халқың бүгін,
Тірі ғой... әнім, күйім,
салтым, жырым.
Көгенде ойнақтаған
қозы-лағым,
Төбемде алып қыран,
алтын Күнім.

Елімнің түні – еркін, азат – таңы,
Тегімнің Тектілігі – Қазақ қаны...
(Тіл – шала,
дінім – шұбар болмаса егер,
Былайша,
бәрі жақсы...ғажап бәрі.)

Ер бабам, ұлың асқақ,
қызың керім,
Далаң – бай,
әрі байтақ, түзің – көрім.
Асанның Жер Ұйығы
осы мекен,
Аралап, қызықтаған
Қызыр белін...

...Ес кетіп,
шошынды екен дәтім неден,
Тіл-мылқау,
жүрек үнсіз, ақыл-керең.

Сөзімді жалғай алмай
тұрып қалдым,
Тұрып қалдым,
жалғыз-ақ датымменен.

Қан тулап,
өрттей лаулап тамырымда,
Білмедім,
не болғанын анығында.
...Теңге-күн көз алдымда
дөңгелейді,
Дүние сол
баяғы қалыбында.

Белгісі екен сірә,
түсім ненің,
Белгісіз... ойым он сақ...
түсінбедім.

Көп елес
көлбеңдейді көз ұшымда –
Есіме басқа ештеңе
түсірмедім...

Шолпысын алтын күннен
таң тағынып,
Тауға үнсіз
сүйенеді марқа-бұлт...

Аспанға телміремін
түсімді ойлап,
Аспаннан түскендейін...
аңтарылып...

Жанымды алғандай
 бір күш дуалап,
Көзімнен кетпей қойды
 «сұсты қабақ»
Абылай жанарындай
 өткірленіп –
Рауандап атты үнсіз
 сұсты таң ақ.

Тылсым түс...
 өшпей қойды өредегі,
Қайран хан,
 ұрпағына не дер еді?!
Ойымнан айыға алмай
 әлі жүрмін,
Шайқалған адамдайын кемедегі...

Білмеймін, жоритынды неге, нені...

* * *

Қобыздай күңіренген
 қоңыр Далам,
Сор болып көрінеді-ау
 Бағың маған...

Жалған сірә,
 Пенденің түсі шығар –
Бұ дүниеде әлі ешбір жорылмаған.

Өмір, Өмір...
Ол жайлы не білермін?
(Алжастырған
 бұл сұрақ көбін елдің.)

Ақиқат –
 шексіздіктің шегі болса,
Бір соқпақтың
 бойында көмілермін.

Өтер Көктем,
 өтер Күз, өтер Жалған,
Ұлы Ақиқат
 іздеумен өтем бе Аллам?!

Аруақтар шәһарынан
Шындық іздеп,
Жат көрініп,
Өзіме бөтен болғам.

Осы ма Ар ілімі, Өмір мәні –
Таусылмас
Шексіздіктің жолындағы?!
Жанарыма күллі
Әлем құйылған сәт –
Жаныма ауыр...
Тым ауыр соның бәрі...

...Ал, Сен айтшы, қарт Ғалам,
қоңыр Далам,
Қай Соқпақтың қалды екен соңында
Мән?!
...Арды іздедім, мөп-мөлдiр
Жанды іздедім –
Пенделер арасынан табылмаған...

ТҮН. ПУШКИН АЛЛЕЯСЫ

Алқымымнан жел жұлқылап,
қағынған,

Қалатүні...

(олдамендей ауырған).

Толқиды Есіл,

күндерімдей тоқтаусыз –

Толқындары

ағысынан жаңылған.

Сағым сынды

көз алдымнан бұлдырай,

Бұлт ішінде жүзеді

үнсіз мұңлық Ай...

Бұл қаланың

аспаны да жылауық –

Көзі жастан

құрғамаған құрбыдай.

Сол жаңбырмен шайылса
егер бар мұңым,
Мұңаймас та ем
мен осылай дәл бүгін...
...Қарашаның
жапырағына ұқсаған,
Қайран,
менің қалт-құлт еткен тағдырым.

Мезгілінен мезі болған бір мен бе?!
«Өмір деген – түс»
шынымен білгенге...
Сөзім өтпей
сұм жалғанға безерген,
Жырымды оқып тұрмын
өлі гүлдерге.

Бұл мекенде
талай-талай «жыр» қалды,
Бұл мекенде
талай-талай сыр қалды...
Байырғы дос –
Жалғыздықтан басқа бір,
Айтшы,
Уақыт жанымда енді кім қалды?!

...Өзімді іздеп келгем кеше...

ауылдан,

Мың адасқам,

жоғалғам һәм табылғам...

Бүгін түнге көмдім

барлық мұңымды –

Қайырлы үміт боп

келер деп таңымнан...

РЕДАКЦИЯ. КҮРСІНІС. ОЙЛАР...

(Перизатқа)

Жазғанымыз

кімге керек тегінде,

(Төрт кітапта

төрткүл дүние жазылған.)

...Есіміміз шығар талай нөмірде,

Мақалалар, хабарлар...

Уақыттай созылған.

«Уақыт» дейміз,

Іштей ғана күрсініп.

Тарпаң сынды

аялдамас Уақыт.

Осы ма екен

біздер күткен Тіршілік –

...Осы деймін өз-өзімді жұбатып.

Күйбең тірлік.
Тапсырмалар,
жоспарлар –

Әрбір күннің
белгіленген міндеті.

Пайымдаулар, көлгірсулер,
«астарлар»

Сөз ғой бәрі...
(Бәрі – әкімдік құрметі)

«Нұрлы-нұрлы»
Сөз жарқырап көздерде,
Бір бақытты күтеміз рас,
тағы алдан.

Кейде шыдам
таусылғандай, төзгенде...
Төзуге де ойларды алдар көп арман.

...Солай, солай,
ағады өмір өзені
кейде тағдыр арнасына бағынбай.
...Шын бақыттың
келер бір күн кезегі
жаңа шыққан газеттің бір санындай.

Жазылады әр сәт газеттегідей,
Тағдыр атты редакторы бар оның.
Бес күн жалған...өтер әдеттегідей,
Бес күн Жалған...
өтеуі не ал оның?!

Армысың,
Тәуелсіз Ғасырым,
Армысың,
Тәуелсіз Уақыт!..
Қош келдің,
Еркіндік , асылым,
Қош келдің,
мұңымды уатып!..

Бабамның тілегі
Сен едің –
Киесі киелі
даламның.
Кәусардай
мөп-мөлдір Өлеңім,
Ұшында
оянған қаламның.

Көзімде
 бұлдырап Өткенім,
Сөзіммен нұрланған
 Бүгін Күн...
Қош келдің,
 тәуелсіз Көктемім,
Бостандық,
 мен сенің ұлыңмын!

Күй болып
 өректіп шаттығым,
Арманым
 асаудай алқынған.
Тәңірдің бақ-құты –
 Ақ Нұрым,
Тәңірдің сыйысың
 тартылған.

Сен мәңгі тірісің,
 жарығым,
Сен мәңгі
 үнісің сертімнің.
Мен мәңгі
 Далалық тағымын,
Асылым,
 мен мәңгі Еркінмін!

МОЛА БАСЫНДАҒЫ МОНОЛОГ

Қобызын күңіrentіп
шал Уақыт,
Толғайды «өлмес»
күйін аңыратып...
Мезгілсіз мезетте аға,
келіп тұрмын,
Мезгілдің жаныма
ауыр табы батып.

Тыншымас тоқсан торап
Тірлік тегі,
Тыншымас ақын жүрек
дүрлікпелі...
Басыңда тұрмын міне,
басым қатып –
Көмейден аңқ-аңқ етіп
Шындық демі...

Ойым – нұр,
сөзім – жалын, дәтім – жасын,
Өлеңмен дұғаланған
пақыр басым...

Тағдырдың
кедір-бұдыр көшесімен
Сандалып келем
Сендей ақын Қасым.

«Астана»...
сол баяғы астана әлі,
(Өліктің өңіндей түр, қас-қабағы,
Сенделген төсінде кең «серкелері»,
Сенделген төсінде кең
«қасқалары»...

Қимайтын адамдайын
жаз құстарын,
Қимаймын көңілімнің
мәз құштарын...
Аспаннан өлең аулап,
жыр жазып жүр,
Бүгінгі данасынған
«жазғыштарың»!

Жерініп Ғалам-Заттан
саудаланған,
Өлеңмен көкірегімде
қаулады Арман.
Керіліп керқұлжадай
Ғасырым жүр,
Сол ғасыр...
өзің көрген — аулақ ардан!

Сөз өлген құлағында
керең ғалам,
Күйбеңмен күн кешуде
елең де алаң...
Сан Тағдыр
баспанасыз балпаң басты,
(Қойшы оны,
өткен іс қой...сенен де Ағам!)

Оралып иығыма
Сөз білегі,
Санамды ойлар жаншып,
езгіледі...

Жанымда
қызылшеке іңір отыр,
Көзімде үнсіз тынып
мезгіл өлі.

Өткеріп ғазиз бастан
«СОЛҚЫЛДЫ» МЫҢ,
Осылай толқи берер
ТОЛҚЫН-КҮНІМ...
Жыландай иіріліп
жатыр шұбап,
Таусылмас
өлгенімше жол-тірлігім...

Біздерде солай Аға,
ғұмыр бағы,
Семсер Сөз қайраулы тұр
қынында әлі.
Біздегі Өмір бірақ,
жай түс қана –
Сіздегі Өмір ғой
Хақ шынындағы.

Қобызын күңіrentіп
шал Уақыт,
Толғайды
«өлмес» күйін аңыратып...
Мезгілсіз мезетте аға,
келдім, сөкпе,
Мезгілдің
жаныма ауыр табы батып...

ТАМЫЗДЫҢ СОҢҒЫ ТҮНІНДЕ

Айқай салып қырда анау
Күзім бұла,
«Қош, Тамыз!» деп,
күрсінді түзім мына.
Іңір отыр ұшында
кірпігімнің,
Көкжиектің
тырналап жүзін құба...

Уақыт қағып мезгіл -
көш қоңырауын,
Боз тұманға
оранған қоңыр ауыл.
Жел ыңылдап
өтпелі өмір әнін,
Аймалайды
адырдың омырауын.

АДАСУ

Мен кеше ғана
Аспан жанарын жылатып,
Арымды аппақ
Жанымның
шыңынан құлатып...
Жындарға ергем...
Жүрегімнің
жыр жайнаған бағында
күпірлігім бүр атып.
Пенделіктің
көшесінде адастым,
Еліріп,
Есім кетіп мәңгіріп,
Қаңғырып!...
Бойымда
сайран сап сайтаным,
Сайқал үн
санамда сыбырлап,
Көкірегімде күбірлеп,
Ілімі оқылып ішімде...

Бес тиындық құны бар
бес күндік мына жалғанның
құмарына алдандым!

... Найзағай -

көңілім күркіреп,

Түйсігіме түн түнеп,

Жаратқанды

жан дүниеммен сезініп,

Қу тірліктен безініп...

Ұзақ тұрдым

тағдырымның жолында,

Күнәмнің табанында езіліп...

2007 жыл.

* * *

*Под шум и звон однообразный,
Под городскую суету
Я ухожу, душою праздный,
В метель, во мрак и в пустоту...*

А.Блок

Басылмай
 желік көңіл,
Құстардың
 көшіне ердім.
...Тағы да елітті Өмір,
Тағы да есірермін...

Төсінде
 сор қаланың –
Жазмышым
 таңбаланған.
Адасты жолда
 бағым,
Адасты аңғал
 арман.

...Түнемел.
Қызыл іңір.
Көшелер күрсінді үнсіз...
Шыбынның ызыңы «жыр»,
Тағы сол...тылсым нұрсыз.

Даладай
кең көңілім
Тар үйдей
тарылғаны...
Қанша екен
енді өмірім –
Қамшының сабындағы?..

Желді де анау

аласұрған қырларда

Әлдилеймін сен, оған!

Ғазалымды тыңдатамын құмдарға,

Жылдарға анау кералаң.

Қол ұстасып кетіп барам мезгілмен,

Сүрілмеген ғасырға.

...Ғаршы жақтан тамған нұрлы

Сөзбін мен,

Расында!..

Еркіндікпен
тағдыры тамырласқан.
Көзін бұлап
тамсанса бұлдыр ғалам,
Қабағымнан сескенген
тұнжыр заман.
Бахадүр ер бабамның
рухы ойнап,
Даламның әр шөбі
азат былдырлаған.
Бедерінде тарихтың
кешкен күнім,
Ғасырлардың түбінде –
көшпенді үнім.
Дәуірлердің төсінен
көктеп шығып,
Бодандықтан
бостандық тескен бүрін.
Тізбектеліп
тырнадай тыраулар күн,
Езгісіне төзгенмін
бұғаулардың.
Ерлігімммен
еңсеріп дұспанымды,
Өрлігімен хас батыр,
жыраулардың.

Тәңірдің құйылғанда
нұры көктен,
Семсердей боп заманын
тіліп өткен.
Алдаспандай
жарқылдап алаштықтар,
Сахараның төсінде
дүбірі өткен.
Жазуынан тағдырдың
қашпайды адам,
Көкжал қаны толғанса
баста ойнаған.
Көкжал мінез болмысы
айбарланса,
Мына меңіреу
ғаламға сес қайраған.
Жұбан рухы
төсінде кең даланың,
Жұбан жырдың
сөзі боп жалғанамын.
Әр қазақтың қанында
күнге айналған,
Жұбан ақын
рухы мен боламын!

Жетпеймін бе,
жетем бе таңға шұға?!
Жел жұлмалап
тәнімді өмір тұнған,
Жіберер ме
лақтырып жар басына?!

Күндер көшсін, баянсыз...
бастан дәуір,
Қайран,
Жалған көзінен жас тамбағыр!..
Жанардағы
саф тамшы мөлдіреген –
Толағай көтере алмас
тастан да ауыр.

Тапталса да табанға
бар мұратым,
Жапырақпын кәдімгі,
тағдыры – ақын...
Қоңыр күздің көзінде
қалтыраған –
Өмір боп оқып тұрған
соңғы датын...

Тағы да кеш...
Сезім.
Ой.
Сенім – өлі.
...Түн тағы да алдады,
Сені, мені...

Мен үшін...
барың – қайғы, жоғың – арман,
«Өмір» не?
«Тағдыр» шығар?!
Бәрі жалған...
Менің жаным –
парағы өкініштің,
жүзінде сағыныштың табы қалған.

Жанымды көктем
сызы қалтыратып,
Өтер-ау жалпы Тірлік,
жалқы Уақыт.

...Түнменен
қол ұстасып кетіп барам,

Бүгіннің алды –
қайғы, арты – бақыт.

Жанардың айнасынан
күліп Көктем,
Жаныма іңкәрлікпен
сіңіп кеткен.

Сол көктем боп
оралам бір күндері,
Сағынышпен,
аңсармен...үмітті еткен.

Сен қаларсың...
Қол бұлғап,
алдап, күліп,
Секемшіл сөздеріңді
жалғап күдік.

Мен кетермін
ендігі мәңгілікке –
Аспанын көңілімнің
торлап бұлт.

Өкініш боп мәңгілікке қалды Сөз –
Сағыныш боп
орындалмас Серт қалды.

Қоштасар сәт...
Күнбатыста өлді күн,

Бұлыңғыр ой,
бұлдыр мезет, жол бұлың...
Көк тұманға
жылдар сіңіп жоғалар,
Сағымдармен араласып
сор-мұңым...

Ғайып құсы –
мендік үміт сенімім,
Сенімімнен ботам,
тағы жерідім.
«Сүйемін!»
деп айқайлап ем ішімнен,
«Сүймеймін!»
деп күбірледі ерінім.

Толқын-жылдар
толқып ақты осымен,
Қоштастық біз...

Жазмыштың сесімен.
Сезім, сенім...
Ұмыт қалды барлығы,
Бәрін үнсіз кешіргенмін,
кешірем...

Сәмбі талға

сүйеніп әлі тұрмын,

Тапталып...

табанда Гүл...

Жолдар сұлық...

Түн әлсіз күбірлейді:

«Алдамшы Үміт!»

Жалығудың
жырын оқып бұла түн,
Бұла түнмен
салғыласып бір Ақын,
Ең бір көркем жыр жазады
Сен жайлы –
Ең бір көркем мұратын...
Соң-соң...Көше.
Өзен. Жаңбыр. Қоңыр бақ.

Сұр Ескерткіш.
Түнгі оттар жалындап...
Ескі орындық.
Таныс орын. Бульвар. Ай.
Төзім. Сенім.
Көпір. Нөпір. Көңіл. Жад.
...Бәрі-бәрі –
Естеліктер. Ой. Аңсар.
Аялдама. Даңғыл.
Тротуар. Ояу шал...
Ағаш. Аспан.
Үйлер. Сұрғылт балкондар.
Кафе. Көлік. Бұлттар...
жерге таяу сәл.

...Соң-соң тағы:

Секунд. Минут.

Сағат тілі...дірілі.

Түн. Қоңыр Жел...

Қоңыр Желдің күбірі...

...Уақыт. Қоғам.

Сенсіз Ақын Ертеңі,

Елес.Тағдыр.

Жалғыздықтың Бүгіні.

«Жүрегің сүймеуге көнді»
деп,
О, бәлкім,
о баста жазылды.

Жазушы-Тағдыр да
шебер ғой,
Бұл тірлік –
дәл соның дәлелі.
Бәріне,
бәріне көнер ме Ой
Көнер ме
ақынның Әлемі?

Сағыныш –
көндігу амалы,
Сүйем деп
сендіру өзіңді.
Сезім де
Сенім де қалады
Ауыртып
жүрек пен төзімді...

Көктемнің аңғалдау
шағында,
Тағдырым бір деп ем –
жанымыз...

...Ал қазір
Жалғыздық жанымда,
Сол Көктем алдапты-ау,
Сары қыз!

Жоқ реніш саған да,
көктемге,
Тек қана сағыныш
басымдау.

...Үңіліп қарашы өткенге,
Өзгеріп кетіппіз,
расында-ау!

...Естімен үніңді енді мен,
Сенің де құлқың жоқ тыңдауға.
Шыдаймын.

Ұмытам. Көндігем.
Алдағы аяусыз жылдарда...

ІЗДЕУ

Құлаған
Жапырақтан,
Жылаған
Аспаннан да,
Жабырқау
атыраптан,
Жердегі
тастардан да
Сен жайлы
білмек едім...

Жапырақ
күрсінді де,
Мылқау көк
түнжырады.
Жанына мұң
сіңді ме,
Күйге енді
мұңды бәрі.

Жұлдыздар
көкшіл жасын бұлайды ұзақ,
Жамалын
ай сипаған желге налып.

Еңсемді езе табы
есер күннің,
Уақыттың қолындағы
кесел-мұңмын.
Көзіңнің кәусарынан
тұнып ағам,
Содан соң,
кеуіп-семіп өшем бір күн.

...Ұйқыда қазір меңіреу
мына ғалам,
Ұйқыда қазір менің
құба далам.
Жіберіп үшбу сәлем
ақ бұлттардан,
Қалқатай,
тағы да үнсіз тына қалам.

Солай...солай...

Құшағымда
тербеткендей ғаламды,
(Сәттер үнсіз
тыныштыққа оранды.)

Вокзал...
Перрон...елемедім еш үнді,
Ғалам келіп жанарыңа қамалды.

Дүр дүние
қарашыққа құйылып,
Ең бір ауыр
қоштасудың күйі ұмыт.
...Дірілдеген қос еріндер –
қос Әлем,
Тынған іштен
үнсіздіктей бұйығып.

Тәңір өзің
сүйген жанды сүйікті ет,
Сезімдерден
тұру үшін биік боп.
...Мен кетермін,
ол қалады...не шара,
Тек қалмасын
өміріміз күйік боп...

Сезім де өткінші екен
ақ жаңбырдай,
Жаныңа тамшылаған
маржан нұрдай.
Сайтандай
жүйткіп содан төрт жыл өтті,
Төрт ауыз
естелік боп қалған мұңды-ай!..

Жүрегімде
жайғанмен үміт бүрін,
Дәл осылай
боларын біліпті кім?
Кей-кейде
сағыныштың үні болып,
Сыңғырлап
келетіндей қылықты үнің.

Қимай жүрмін
әлі сол көктемні,
Қимастай ғып
сол көктем кеткен еді...
Сағынғаным
болмаса ара-тұра,
Сол көктемнің
бүгінде жоқ дерегі...

* * *

Неге мұңды бұл мамыр,
неге өкпелі,
Сыздатты ма
көңілін жел өкпегі?!
...Бәлкім,
бізге өкпелеп тұрған шығар,
Бәлкім,
бізге кездеспеу керек пе еді?!

Кесірі көп
күндердің кесімі боп,
Кеттік пе екен
төзгісіз кешіріп от?!
Өткен күннен
бір әуен жеткенімен,
Бүгін бірақ о,
соның еш үні жоқ...

* * *

Мына Әлем бақытты ғой
мен барда,
Сен барыңда әрине...
...Жырым қалар
тарам-тарам жолдарда,
Ертеңгі күн оқылатын әр үйде.

Ертеңгі күн
әр үйден ол табылар,
Жазылады
ғашықтық бір хаттарда.
Тармағында
тағдырлардың табы бар,
Ие болар мақтауға.

Ертең әлі мойындайды
бұл Ғалам,
Қазіргі ессіз баласын,
Сұлуды да ақын ойын шырмаған –
асқындырған жарасын...

Біз жақта Күз...
Үнсіздік әуені – өктем,
Кеңістікте
 билеп жүр әуелеп дем...
Сен Көктем боп келер деп сеніп едім,
Қане, Көктем?!

Біз жақта Күз...
Аспан – сұр, дала – сары,
Мезгіл табы –
 анау гүл қауашағы.
...Аласұрып
 жанымда желіккен Жел,
Қара сұры көшемен адасады.

...Тырналардың
 үнімен тыраулаған,
Бір іңкәрлік
 санама қылаулаған.
Жүректегі
 айықпас дерттей бүгін,
Мына түн тұмаураған...

Әрнеге бір жалтақтап
алаң көңіл,
Сен жайлы жыр оқиды
далам небір...

Дәл өзіңдей
алдымда шашын жайып,
Дәл қазір таранды Өмір...

Бәлкім,
біздің Тағдырдың өрімі осы,
Бәлкім,
біздің сезімнің соңы да осы...
Ақылынан
дәл мендей адасыпты, әй,
Сұр Күздің қоңыр есі...

Біз жақта Күз және Мен...

* * *

Өткен күннің сене бер,
наласы ұмыт,
Бүр жарады
сөзімнен жаңаша Үміт...
Кездесуден
көңілім қалтырамас,
Қоштасудың
жанымды жарасы үгіп...

Секемшілдеу болса да,
солай ғұмыр,
Сенімімді өлтірді
талай «күбір».
Жұлдыз жауған тамшылап
талайғы түн,
Жаңбыр саулап жанардан
талайғы іңір.

...Бүгін маған
қызықсыз бақ та қоңыр,
Біз сүйетін
қызықты аппақ Өмір...

Жетім бақтың
қоп-қоңыр өксігімен,
Жетімсіреп
көңілсіз жатқан өңір.

Сумаң етіп күндерім
сұр жыландай,
Сусып алға
әйтеуір жылжығандай.

...Мендік ғұмыр
ғазалы бүгін осы –
Басы, аяғы тұратын
бір құралмай...

* * *

Жарығым,
қалай ғана сағынбауға болады?
Көктемені аңсарымды
түлеткен,
Көктемені
жас жүректе шым еткен –
Әр күнінде –
әр қайғымның обалы.

...Бүгін тағы
ұйықтағам жоқ түнімен,
Бүгін тағы
бола алмады жырым – ем.
Бәрі бір күн
басталарын сездім де
Бәрі бір күн
тынарын да біліп ем...

Ілік іздеп
Кінә менен Күнәдан,
Өткен өмір
қателігін шығарам...
Оны бірақ
шығарғаннан не амал,
Шерлі жүрек
желдей өксіп жылаған.

Жарығым,
қалай ғана ұмытуға болады?
Сол көктемді,
сол өзенді, жаңбырды,
Сол көктемді...
сол көктемгі тағдырды?!
...Көз алдымда
біз табысқан жол әлі...

Армандаған
адамыңдай болмадым,
Ойлап көрсең,
ол да тағдыр, ол да мұң.
Махаббаттан
басы айналған ақынмын,
Таба алмаған
мұраты мен жолдарын.

Артта қалды
 сол көктемнің бір мұңы,
Баяғы өмір –
 баяны жоқ тірлігі...

Ешкімге де енді керек емеспін,
Ешкім маған керегі жоқ –
 шындығы...

Жарығым,
 сені қалай ойламауға болады?
Таба алмадым
 сол сезімнің дерегін,
Таба алмадым
 салдары мен себебін,
Қазір жаз ғой...күз келеді ертең-ақ,
 сосын гүлдер солады...

...Соң-соң бөлкім,
 бәрі жақсы болады!

* * *

Жалғыздық.
Мұңлы атырап.
Астана түнерулі.
...Жел ғана жүр бақылап,
Мені –
және бұл Өмірді...

Жаңа Алаң.
Кәрі қала.
Жалғыздық – жүдеткен ой.
Сағыныш соңы – Нала,
Қалғаны – жүректе ғой...

Жүректе – сезім соңы,
Соңының дерегі жоқ.
Жолықпау сезілсе енді –
Кездесу керегі жоқ.

...Біз жүрген (осы қала...
Сол көпір...
сол бір алаң) –

Ғашықтар қосы ғана...
Қызықсыз енді маған!

...Айтылмас басқа датым,
Жазылмас басқа жырым.

Сол Есіл...

Астана.

Түн.

...Тек Сенсіз, басқа бүгін...

* * *

Телефон
тағы да үнсіз,
Тағы да
үнсіздік түні.
Қара түн
ұйқыда мұңсыз,
Ұйқыда
көктеме гүлі.

Тыныштық
мүлгіген сәттер –
Көзіңдей
тұп-тұнық неткен!
...Тағдырым –
шмайлы дәптер,
Көктем ғой
шмайлап кеткен...

Құс түсі
 секілді өмір,
Өлшемге сыймайтын –
 дара.
...Қалғанмен
 бір сәттік көңіл,
Өшпейді
 мәңгілік жара?!

* * *

Жол бар ма адаспауға,
жаңылмауға,
Өмірдің жаңа ғұрпын
қабылдауға?!
Махаббат парақтарын
тағы ақтарып,
Тым болмаса
өзіңді сағынбауға.

Төзімнің жүзін тырнап
мыстан-қайғы,
Өң түгілі,
тынымсыз түсте арбайды.
Жәдігөйдей
жалаңдап қалың күдік,
Не кетпейді,
не келіп ұсталмайды...

Үнсіздігің тілсіз
қып жібергесін,
Дым қалмады
түгендер бұл елде шын.
...Жаныма бір жұбаныш –
жырым ғана,
Жалғыздық –
сырларымды білер досым.

Түн сайын
жауап таппай сұраққа мың,
Тағдырдан
күттім үнсіз бір ақпарын.
Жақындаған сайын
мен жүрегіңе,
Неге ғана Жарығым,
жырақтадың?!

Үнсіз кеттің...
Ақыры үндемедім,
Келер деп
елеңдеумен бір дерегің...

Үндемедім,
әдейі үндемедім,
...Болмағаны шығар-ау
шын керегім?!

ҚОШТАСУ ХАТЫ

Тағдыр дейсің,
Тағдыр ғой сол, білемін.
Қоңыр тірлік.

Қоңыр үн...

...Содан менің

тасқа айналды жүрегім,

Содан сенің

жасқа айналды өмірің.

Тәрк еттім

махаббаттың заңдарын,

Тәрк еттім барлығын.

Сезім түгіл өзімді де алдадым,

Жан гүлім!

Сезім деген –

ақ жауындай өткінші,

Жан жараңды емдер Күз.

Тек осы хат

өткінші емес деп білші,

Өміріме

Өлең болып енген қыз.

Қоңыр бақ та
бола алмайды жұбаныш –
Өткен күндер куәсі.

Кездесу мен Қоштасудан тым алыс,
Расы.

Суреттерді,
өрте, барлық хаттарды,
Өртенбесін тек кеудең!

Мен – елеспін,
Жанарыңда сақтаулы,
Ғайып болған көктеммен.

Тағдырыңа қайдан ғана тап келдім,
Қайдан ғана жолықтың?!
Енді саған мәңгілікке жат болдым,
Бүгін...қазір...соны ұқтым!

КҮЗ. ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ

«Жазған хаттар өртенді,
өшті бәрі,
Өткен күннің
ең ыстық қош, құмары!»
...Кеудедегі
алапат өрттей болып,
Көкжиекке
қып-қызыл кеш құлады.

– Ештеңе де
қызықсыз енді маған,
Түнгі бақтар,
көшелер...қалғымаған...
Біз қауышқан сол кафе,
сол саябақ,
Біз білетін бар таныс,
барлық адам...

Сезім деген –
дерт екен бір білгенім,
Төзім деген –
серт екен шын білгенім.
Шын махаббат қоштасу... иә,
қоштасу –
Тек Мұң ғана аяулы құрбым менің.

Расында «Жалған – Өмір,
Өмір – Жалған!»
Ал, Бақыт –
бұлдыраған сағым алдан, –
...Сұлу қыз бар
үмітін үзді осылай,
Кеудесінде
ауыр мұң табы қалған.

Осылай жылап тұрды
қыз жүрегі,
Үзілген бір жігіттен
жүз күдері.
Біресе өмірді ойлап,
өлімді ойлап,
Ең соңғы рет
үмітін үзді қолы...

... «Сүймеймін! Сүймеймін!!!» –
қыз деді-дағы,
Жанарында
жарқ етіп сенім, ары.
Сүйгеніне
хат жазды ақырғы рет –
«Ақымаққа ақымақ жолығады...»

Осылай
соңғы үмітін үзді қолы,
Жүзін өпті
салқын жел күзгі долы.
Сол бейбақтың
баянсыз хикаясын,
Бір білсе
бүгін жалғыз Күз біледі.

* * *

«Жылауық»
жырымдай бүгін,
Тым ауық
жылады Аспан...
Көктемнің
көңілсіз күнін,
Өткіздім
тағы да бастан.

...Театр.
Жалғыздық.
Жаңбыр.
Ақынның
ең басты рөлі.
Режиссер –
Өмір мен Тағдыр,
Содан соң –
шайырдың жолы.

...Шайырға
жолыққан Ару,
Жолықпас
ендігі мезет.
Жанына
Жалғыздық дәру –
Дәл осы
келесі кезек.

Бүгінгі режиссер –
Уақыт,
Сезіммен
ойнаған жандай...
Қоюшы –
әрине, Бақыт,
Өмірі жазылған
заңдай...

...Көрініс.
Көңілді көктем.
Көңілсіз көшелер ғана.
Сезім. Жыр.
Бүгін мен Өткен...
Түйіскен ескі мен жаңа...

Ескі өзен.

Жаңаша өмір.

Сезімдер толқындай

қалқып.

Жайдарлы балаша көңіл,

Жол бойы

келеді шалқып...

...Ар жағы

белгісіз сюжет,

Белгісіз соқпағы жолдың.

Әлі де

тартылар күй көп,

Тағдырдан

Ойынын көргін.

Дәруі

Ақынның жалғыз –

Аруы белгісіз жақта.

О, бәлкім

Өткенде сол қыз,

О, бәлкім келер бір шақта?!

Әрбір жан
 бір актер мұнда,
Театр –
 ең үлкен өмір.
Батпасаң болғаны мұңға,
Сатпасаң болғаны көңіл...

...«Жылауық» жырымдай бүгін,
Тым ауық жылады Аспан.
Ғұмырым –
 жазылар Жырым,
Тағдырым –
 жазылмас Дастан...

Алдасаң,
алда аңғал басымды,
Тек жүрегімді алдама!
Ақтарған назды
таңдарға сырды –
Жанға жұбаныш сол ғана.

...Өткен күн – елес,
анық келмесі,
Шайқалған
көлдей бүгінім...
(Ақылдың ғана
ғаріп Пендесі
болмай-ақ қойшы,
құлыным!..)

Асығып тағы
Есілге бүгін
келдім мен біреу күткендей...
Адастым ба әлде
есімнен Күнім,
...Шынымен бәрі біткен бе, ей!?

* * *

Сырғып жатыр мезгілмен сынап –
Уақыт,
Сезім мен Төзім
жолын жырақтатып...
Жүрегімде бар еді
бір-ақ ару,
Жүрегімде бар еді
бір-ақ бақыт...

Басқамен таптың ба екен
өмір жолын,
Жайладың ба
өзгенің сенім көгін?!
Ұштың екен қай жаққа
Бақ құсым-ау,
Жазған-ай,
кеше ғана қолымда едің?!

...Ой – солғын.

Көңіл – сынық...

Бүгін тағы,

Аулада Жел өксігі –

ымырт әні.

Ымырт әні –

жанымның мұңлы ырғағы,

Кеудемде әлденені құбылтады.

Бағым ба едің, жоқ,

әлде сорым ба едің?

Жазмыштың

тілін ұғар тегінде кім?

...Кімді іздеп жүреді екен

жас жанарың,

Кімді атап шақырады еріндерің?!

Сырғып жатыр мезгілмен сынап –

Уақыт,

Сезім мен Төзім

жолын жырақтатып...

Жүрегімде бар еді бір-ақ ару –

Қолын бұлғап кеткендей бірақ,

бақыт...

Өгей өмір көзімен өшігіп тым,
Сыздатады жанымды...
Есірік – Түн...
Жақында жүргеніңді сезсем-дағы,
Алыста қалды-ау сірә, көші үміттің?

... Шамасы, кешігіппін...

МАЗМҰНЫ

Оралу	3
Уәде	6
Қыс. Ауыл кеші.	9
Сағыныш	12
Кіндікқарағай	15
Түс. Абылай. Дат.	18
«Қобыздай күңіренген қоңыр далам»	24
Түн. Пушкин аллеясы	26
Редакция. Күрсініс. Ойлар.....	29
«Армысың, тәуелсіз ғасырым»	32
Мола басындағы монолог	35
Тамыздың соңғы түнінде	39
Адасу	41
«Басылмай желік көңіл»	43
Ақын	45
Ж.Молдағалиевқа	47
Жапырақ жыры	50
«Тағы да кеш...»	52
«Жанарыммен астасқанда тұнық түн»....	55
Түнгі «картина»	58

«Секунд. минут. сағат тілі...дірілі»	60
«Үнімді естігің келмеді»	63
«Басқаша бүгін көктемнің лебі»	66
Іздеу	68
«Тағы да кеудемді бұл керіп күдік»	70
«Алматы-2». Қоштасу.	72
Баянсыз... ..	74
«Неге мұңды бұл мамыр, неге өкпелі» ...	76
«Мына әлем бақытты ғой мен барда»	78
«Біз жақта күз...»	80
«Өткен күннің сене бер, наласы ұмыт» ..	82
Түн. Үміт.	84
«Жарығым»	86
«Жалғыздық»	89
«Телефон тағы да үнсіз»	91
«Жол бар ма адаспауға, жаңылмауға» ...	94
Қоштасу хаты	97
Күз. Қыз тағдыры	99
«Жылауық» жырымдай бүгін»	102
«Үнсіздігіңді ұғына алмадым»	106
«Сырғып жатыр мезгілмен сынап –уақыт»	108

Саян ЕСЖАН

ІҢКӘР

Редакторы	Алмагүл Ниязбекова
Қате түзеуші	Назерке Кәкен
Көркемдеуші редакторы	Айкерім Бақбергенқызы
Техникалық сарапшы	Ержан Жамалбаев

ISBN 978-601-03-0281-5



ИБ №77

Басуға 15.10.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108^{1/32}. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі “ММ Мектептік”. Көлем 6,0 шартты баспа табақ.

Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс №77

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы